



Акорда



Глава государства наградил президента World Boxing Геннадия Головкина

Касым-Жомарт Токаев поздравил Геннадия Головкина с избранием на должность президента международной федерации World Boxing, назвав это решение признанием вклада именитого спортсмена в развитие мирового бокса, его профессионализма и безупречной репутации.

— Вы действительно внесли огромную лепту в развитие мирового спорта, достойно представляли казахскую школу бокса с его богатейшими традициями и, конечно же, способствовали признанию Казахстана в качестве боксерской спортивной державы. Ваш путь ознаменован многочисленными блестящими победами. Это история силы духа, стойкости, дисциплины, которая вдохновляет миллионы молодых людей не только в Казахстане, но и далеко за пределами нашей страны. Без всяких сомнений, Ваше имя вписано в историю мирового бокса, — сказал Президент.

Глава государства дал высокую оценку работе известного спортсмена на посту президента Национального олимпийского комитета.

— Отдельных слов заслуживают Ваши управленческие успехи. В знак признания Ваших спортивных заслуг мною была предложена Ваша кандидатура на пост президента Национального олимпийского комитета. Мы признательны за большую работу, которую Вы проделали в течение небольшого отрезка времени, работая с национальными федерациями во всех видах спорта. Вам удалось наладить успешное сотрудничество

с Международным олимпийским комитетом, — заявил Президент.

Касым-Жомарт Токаев отметил, что Геннадия Головкину предстоит решить большие задачи на посту руководителя World Boxing.

— Сейчас наступил новый этап в Вашей деятельности, в спортивной работе. Вы избраны президентом World Boxing — это новая международная федерация бокса. Работа только начинается, там ее очень много. Надо отметить, что представитель Казахстана впервые возглавляет глобальную спортивную структуру. Уверен, Ваше профессиональное видение позволит вывести организацию на новый уровень, откроет новые горизонты для развития бокса, — подчеркнул он.

Глава государства наградил Геннадия Головкина орденом «Барыс» I степени за выдающиеся заслуги перед отечественным спортом.

Геннадий Головкин поблагодарил Президента за высокую оценку, доверие и поддержку. Он отметил, что продолжит прилагать все усилия для дальнейшего развития бокса и укрепления его позиций как в Казахстане, так и на международном уровне.

akorda.kz

Мереке шуағы

Ауыл гүлденсе – еліміздің еңсесі биік

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының берекесі, ауылдың дамуының басты тірегі екені белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен өткен аптада Астанада ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің II форумы – осы саланың стратегиялық маңызын айқындаған ауқымды жиын болды. Президент өз сөзінде кәсіпкерлерді туған ауылын көтеруге шақырып, қайтарылған жерлерді тиімді игеру, цифрландыру, ирригация жүйесін жетілдіру, агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру тәрізді басым бағыттарды атап өткен еді. Бұл тапсырмалардың мәні өңірлерде де кеңінен қолдау тауып жатыр.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Осы аптаның басында Ұлытау облысында «Гүлденсе ауыл – гүлденеді еліміз» атты облыстық аграрлар форумы өтті. Жиынға республика деңгейіндегі салалық мамандар мен өңірдің фермерлері, ауыл шаруашылығы саласының белсенділері қатысты. Іс-шара аясында «АгроQazaq: Техника. Өнім. Болашақ» көрмесі ұйымдастырылып, қатысушылар заманауи техниканың жұмысымен танысты. Шара



аясында «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының өңірлік кезеңіне қатысушылардың көрмесі де ұйымдастырылды. Онда жергілікті шаруашылықтардың табиғи азық-түлік өнімдері, халық тұтынатын тауарлары және ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдары көпшілік назарына ұсынылды.

Форумға қатысқан Ұлытау облысының әкімі Дастан Рысбеков сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, бірқатар еңбек озатына марапаттар табыстады.

— Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенін қолдауға айрықша мән беріп отыр. Соның арқасында биыл біздің өңірге де айтарлықтай қолдау көрсетілді. Агроөнеркәсіп субъектілерін субсидиялауға 4,4 млрд теңге

бөлініп, шамамен 780 шаруашылыққа нақты көмек көрсетілді. Олар техникаларын жаңартып, жаңа технологияларды енгізіп, өндіріс тиімділігін арттыра алды. Жыл басынан бері 200-ден астам ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Облыс құрылғаннан бері салаға 8,5 млрд теңге инвестиция тартылды. Ал жыл басынан бері 2,5 млрд теңге инвестиция құйылып, өткен жылғы сәйкесінше кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 46 пайызға өсті. Бұл жетістіктер біздің тұрақты дамуға деген сенімімізді нығайтады. Өңірдің ішкі өнімін арттыру бағытындағы жұмысты жалғастыра береміз, — деді өңір басшысы өз сөзінде.

→ 5 бет.

Исполнение Поручения Президента

Сделано немало, предстоит еще больше



Асель КУРБАЛОСОВА

Аким города Айхын Елеусизов на очередной отчетной встрече с населением озвучил итоги социально-экономического развития Каражала за девять месяцев текущего года, и совместно с присутствующими в зале рассмотрел пути решения актуальных проблем региона. А их, несмотря на высокие показатели в целом, немало – как и прежде, жителей волнуют вопросы состояния дорог, отсутствия уличного освещения, перебои с поставками газа и многое другое. На все вопросы были даны исчерпывающие ответы.

→ на 4 стр.

Қалалық мәслихатта

Сессияда жаңа Салық кодексіндегі өзгерістер қаралды



Қаражал қалалық мәслихатының кезектен тыс XXXV сессиясы мәслихат төрағасы Зәмзагүл Оспанованың төрағалығымен өтті. Сессияға қала әкімінің орынбасары Аманқазы Наукенов, мәслихат депутаттары, Жәйрем және Шалғы кенттерінің әкімдері, Қоғамдық кеңес мүшелері, бөлім және мекеме басшылары, сондай-ақ, БАҚ өкілдері қатысты. Тіркеу қорытындысы бойынша сайланған 10 депутаттың көпшілігі қатысып, кворум қамтамасыз етілді.

Сессияда бірнеше маңызды мәселе қаралды. Алдымен, № 6 сайлау округі бойынша өткен сайлау нәтижесінде депутат болып сайланған «Қазыналы өңір» газетінің редакциясы» ЖШС директоры, «АМАНАТ» партиясының ұсынысымен Жалғасқан Құрмансейітов сессияға қатысушыларға таныстырылып, мандаты тапсырылды. Сонымен қатар, ол мәслихаттың әлеуметтік сала, құқық қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия құрамына енгізілді және «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі болды.

Күн тәртібіндегі ең салмақты мәселе – жаңа Салық кодексіндегі өзгерістерді талқылау бол-

ды. «Қаражал қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Марат Сатанов өз баяндамасында 2026 жылдан бастап жаңа Салық кодексінің күшіне енуіне байланысты, жобада Қаражал қаласында Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 726-бабының бірінші бөлігінде белгіленген мөлшерлемелік мөлшерін 4 %-дан 3 %-ға төмендету көзделетінін, мөлшерлемені төмендету бизнес-ахуалды жақсартуға, салық жүктемесін төмендетуге, бизнесті заңдастыруға және кәсіпкерлік сектордың іскерлік белсенділігін арттыруға ықпал ететінін жеткізді. Сонымен қатар, жаңа Салық кодексі есептілікті электрондық форматта жүргізуді,

автоматтандырылған тексерістерді енгізуді көздейтінін, жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер бойынша жеңілдіктер қарастырылып, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға қолдау күшейтілетінін, кодекс инвестиция тартуға және шағын бизнесті дамытуға бағытталған жаңа преференциялар енгізуді жоспарлайтынын баяндады.

Қаражал қалалық мәслихатының депутаттары өз құзыреттіліктерін пайдаланып, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қаражал қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимінің мөлшерлемесін 4%-дан 3%-ға төмендетті. Бұл шешім шағын және орта бизнеске үлкен жеңілдік береді.

Сонымен қатар, келесі кезекте ҚР Индустрия және инфрақұрылым даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 «Тұрғын үй қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің бұйрығымен күші жойылуына байланысты және Қаражал қалалық мәслихатының 2025 жылғы 17 наурыздағы № 248 «Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» шешімін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру мақсатында Қаражал қалалық мәслихатының «Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» 2025 жылғы 17 наурыздағы № 248 шешімінің күші жойылсын деген шешім шығарылды.

**Гауһар
НАУРЫЗБАЕВА.**

Билік пен бұқара

Қаражал қаласына қарасты Шалғы кентінде тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған көшпелі қоғамдық қабылдау мен «Құқықтық көмек» іс-шарасы өтті. Қабылдау «АМАНАТ» партиясы Қаражал қалалық филиалының ұйымдастыруымен өткізіліп, оған облыстық және жергілікті деңгейдегі бірқатар лауазымды тұлғалар қатысты.

Көшпелі қоғамдық қабылдау өтті



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Көшпелі қабылдауға облыстық мәслихат депутаты Артем Ким, кент әкімі Азамат Кадирсизов, қалалық бөлімдер мен мекемелердің басшылары келіп, тұрғындар сауалдарын тыңдап, әрқайсысына нақты жауаптар мен түсініктемелер берді. Шара барысында құқықтық кеңесті қала әкімдігі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Мергенбай Сембек көрсетті. Ол келген азаматтарға жер, тұрғын үй, әлеуметтік көмек, құжат рәсімдеу және тұрмыстық сипаттағы құқықтық мәселелер бойынша кеңес беріп, бірқатар өтініштерді жергілікті деңгейде шешуге мүмкіндік жасады.

Кент тұрғындары үшін бұл қабылдаудың маңызы ерекше болды. Себебі, шалғай елді мекендерде тұратын халық үшін мемлекеттік қызметтер мен құқықтық қолдаудың жедел әрі қолжетімді болуы – аса өзекті мәселе. Сол себепті ұйымдастырушылар осындай кездесулерді жиі өткізіп, тұрғындардың мәселелерін дер кезінде шешуді мақсат етеді.

Шараға кентке жаңадан тағайындалған учаскелік инспектор Данияр Аман да қатысып, қоғамдық тәртіп, құқықтық мәдениет, тұр-

мыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жергілікті жұртшылық учаскелік инспектормен тікелей жүздесіп, өздерін толғандырған сұрақтарды қоюға мүмкіндік алды.

Қоғамдық қабылдаумен қатар, кент тұрғындары үшін медициналық қызмет те ұйымдастырылды. Учаскелік терапевт дәрігер қабылдау жүргізіп, тұрғындарға алғашқы тексеру, кеңес беру, денсаулықты бақылау және қажет жағдайда тиісті ем-домға жолдама беру жұмыстарын атқарды. Бұл әсіресе, медициналық нысандарға бару қиындық тудыратын егде жастағы тұрғындар үшін қолайлы болды.

Шалғы кентінде өткен бұл шара халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, елді мекен тұрғындарының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселелерді дер кезінде шешуге бағытталған тиімді алаңға айналды. Көпшілік мұндай қабылдаулардың тұрақты түрде өтуі ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін күшейтуге ықпал ететінін атап өтті.

Өзекті


Жеңіс станциясына Алматы пойызы аялдайды

Бірнеше ай бұрын Жезқазған-Алматы бағытындағы жолаушылар пойызы Жеңіс станциясына аялдамауы өңір тұрғындарына үлкен қиындық тудырған еді. Қаражал-Жәйрем, Түгіскен, Самай, Ералиев және өзге ауылдардың халқы пойызға отыру үшін 68-70 шақырым қашықтықтағы Қызылжар станциясына баруға мәжбүр болатын. Бұл тек қолайсыздық емес, жолдағы қауіп-қатерді де арттырды.

Осы мәселені көтерген Қаражал қалалық мәслихатының депутаты Гауһар Наурызбаева «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ басшылығына депутаттық сауал жолдап, тұрғындардың өтінішін жеткізді. Нәтижесінде, компания басшылығы пойыз кестесі қысқы мезгілге ауысқанда Жеңіс станциясына тоқтау қарастырылатынын хабарлаған еді.

Уәде орындалды. 14 желтоқсаннан бастап Алматы-Жезқазған бағытындағы жолаушылар пойызы Жеңіс станциясына аялдайды. Бүгінде «Kaspi» қосымшасында Жезқазған-Жеңіс-Алматы-2 бағытына билеттер сатылымға шықты. Бұл – сөздің іс жүзінде дәлелденгені.

Енді оңтүстік астанамыз Алматыға жол тартқысы келген Қа-



ражал-Жәйрем өңірінің тұрғындары алыс жол жүрмей, өздеріне жақын Жеңіс станциясынан пойызға отыра алады.

Маршрут және уақыт кестесі: Жезқазған-Алматы-2 - жұп күндері сағат 20.07-де Жеңіс станциясынан шығып, келесі күні 16.58-де Алматы-2-ге жетеді.

Алматы-2-Жезқазған - тақ күндері сағат 15.10-да шығып, Жеңіс станциясына келесі күні 11.27-де тоқтайды.

Билет бағасы: плацкарт – 10 315 теңге, купе – 15 255 теңге.

Айтылды – жасалды! Енді өңір тұрғындары үшін жол жеңіл, сапар қауіпсіз.

Теректі ШАҒАТАЙ.

Президент Жолдауы – өркендеу өрісі

Жұмысшы мамандықтарының жылы – нағыз сектордың жаңа серпіні

Ел экономикасының дамуы мен нақты сектордың тұрақтылығын қамтамасыз етуде білікті жұмысшы мамандықтарының маңызы ерекше. Қазіргі индустрияландыру кезеңінде өндіріс орындары мен инфрақұрылымдық жобалар үшін жоғары кәсіби дағдысы бар кадрлар қажет. Осыған орай биылғы жыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланып, еңбек нарығын қолдауға бағытталған жаңа бастамалар қолға алынды.



Өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларында кәсіби жұмысшыларға сұраныс артып отыр. Цифрландырудың күшеюі жаңа техниканы меңгеретін дәнекерлеушілер, механиктер, операторлар, электромонтерлер мен құрылысшылардың рөлін күшейтті. Нақты сектордың сапалы дамуы бүгінде осы мамандық иелерінің кәсібилігіне тікелей байланысты.

Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында ел көлемінде бірқатар жаңа бағдарламалар іске асырылуда.

Бұл шаралар өндірістерді ка-

дрмен қамтамасыз етіп қана қоймай, өңірлердегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал етуде.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері еңбек нарығында маңызды рөл атқарады. Азаматтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету – өңірлік бөлімдердің күнделікті міндетінің бір бөлігі.

Жұмысшы мамандықтарының жылы – еліміздің нақты секторын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам. Экономиканың тұрақтылығы мен

өндірістің дамуы – ең алдымен кәсіби жұмысшы кадрлардың қолында. Сондықтан, бұл салаға қолдау көрсету, мамандықтың беделін арттыру және жастардың қызығушылығын күшейту – бүгінде уақыт талабы.

Жұмысшы мамандықтары дамыту – елдің экономикалық қуаты мен болашағына жасалған инвестиция.

Анар МОЛДАБАЕВА,
«Қаражал қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы.

Қоғам. Адам. Заң.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мен азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) ерекше назарында.

Қызмет алушылардың құқықтары қалпына келтірілді

Бұл ретте, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде Департаментпен облыс көлемінде қызмет алушылардың мүдделерін қорғау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және қызмет көрсету процесін жетілдіру бағытында тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Осыған сәйкес, Департамент тарапынан білім саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасына сыртқы байқау жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар бұзушылықтар анықталды.

Бақылау шараларының нәтижесінде «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау», «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу», «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қаты-

сты 404 өтініш бойынша қызмет алушыларға қызмет нәтижесі ұсынылмағандығы анықталды.

Бұл тұста, Департаментпен енгізілген ұсынымдарға сәйкес, 404 қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, қызмет нәтижелері ұсынылды.

Осы орайда, мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 ғимаратындағы № 711 кабинетке немесе «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жүгінуге болатындығын назарларыңызға жеткіземіз (байланыс телефоны – 8/7102/733270).

Олжас ЖОЛШЫБЕК,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасы бас маманының міндетін атқарушы.

Ел тынысы

Жәйрем кентінің мәдени-сауық орталығында өткен есептік кездесуде кент әкімі Қайрат Жансағымов 2025 жылдың III тоқсанында атқарылған жұмыстарды жан-жақты баяндады. Жиынға Қаражал қаласының әкімі Айқын Елеусізов, қалалық мәслихат депутаттары, мекеме басшылары, БАҚ өкілдері және жергілікті тұрғындар қатысты.

Бұл кездесу кенттің даму қарқынын бағамдауға, алдағы жоспарларды талқылауға арналған маңызды алаң болды. Есепті кезеңде Жәйрем кентінің бюджеті 1 миллиард 292 миллион теңгеден асып, оның 88 пайызы тиімді игерілді. Қаражат негізінен жолдарды жөндеуге, көшелерді жарықтандыруға, сумен жабдықтау жүйесін жақсартуға және абаттандыруға бағытталды. 13 көшеге орташа жөндеу жүргізіліп, жалпы ұзындығы 4,82 шақырым жол жаңартылды.

Балалар ойын алаңдары мен саябақтарды күтіп ұстау жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Әлеуметтік салада да оң өзгерістер байқалады: 10 ай ішінде жұмыспен қамту орталығына 138 адам жүгініп, олардың 47-сі тұрақты жұмысқа орналасты. Жастар тәжірибесі мен қоғамдық жұмыстарға қатысушылар саны артты. Атаулы әлеуметтік көмек бойынша 7 отбасы тіркелді.

Жәйремде жаңғырудың жаңа белесі



Кент әкімдігі 329 мемлекеттік қызмет көрсетті, оның ішінде тұрғылықты мекенжай анықтама-сы, пеш жағатыны туралы анықтама және көпбалалы аналарды «Алтын алқа», «Күміс алқа» наградаларына ұсыну құжаттары бар.

Абаттандыру бағытында жыл бойы 27 балалар ойын алаңы, 6 жаттығу алаңы және 10 спорт алаңы күтіп ұсталуда. «Жастар» және «Жеңіс» саябақтары жаңартылып, 8000 дана гүл отырғызылды.

Сонымен қатар, 2000 метр

қоршау орнатылып, кіреберіс арка мен алғашқы ашушылар саябағының жобалары дайындалды. Кент көшелеріне 106 жарық шамы орнатылып, бейнебақылау камералары мен бағдарламалар толықтай күтіп ұсталуда. Бұл жұмыстар тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Жылу маусымына дайындық жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Бұл бағыттағы жұмыстарға жергілікті бюджеттен елеулі қаражат бөлініп, бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды. Қазан-

дықтарды жөндеу және жабдықтауға 26 млн теңгеден астам қаржы қарастырылып, ашық конкурс нәтижесінде мердігер «Perfect design» ЖШС анықталып, 20,8 млн теңгеге келісім жасалды. Жөндеу жұмыстары аясында үш түтін сорғыш, циркуляциялық сорғы, колосниктер және пеш жағатын орындар жаңартылмақ. Сонымен қатар, дизельді генератор сатып алу және орнату жұмыстары жүргізілуде, бұл жобаны «Жәннат» ЖК 6,4 млн теңгеге жүзеге асырады. Жылу құбырлары оқшаулау жұмыстары толық

орындалды («Энергоцех» ЖК – 13,2 млн теңге), ал 7-орамдағы жылу құбырларын жөндеу жұмыстары да аяқталды («Мансур» ЖК – 4,6 млн теңге).

Аталған шаралар кент тұрғындарын сапалы жылумен қамтамасыз етуге және алдағы қысқы маусымда тұрақты қызмет көрсетуге бағытталған.

Өткен кезеңмен салыстырғанда Жәйрем кентінде барлық салада айтарлықтай ілгерілеушілік байқалады. Әрине, шешімін күткен мәселелер жоқ деп айту артық болар еді. Жиында жанармай бекеттеріндегі бағаның бақылаусыз өсуі, ветеринариялық қызметтің ақсауы, кәріз жүйесін жөндеуден кейінгі жолдардың жағдайы, қараусыз қалған үйлер мен ғимараттарды сүру, көшеде қараусыз жүрген малдар, жастарға арналған демалыс орындарының тапшылығы сияқты проблемалар көтерілді. Қала және кент басшылары әр сұраққа нақты жауап беріп, шешім жолдарын түсіндірді.

Тұрғындар көкейіндегі түйткілді түйіндердің кезең-кезеңімен тарқатылып жатқаны да, алдағы уақытқа, жарқын болашаққа деген үміттің бар екені де анық. Жұмыстардың қарқыны мен сапасы тұрғындар тарапынан оң бағаланып отыр.

Гайһар НАУРЫЗБАЕВА.

Сделано немало, предстоит еще больше

(Начало на 1 стр).

Но прежде хотелось бы отметить, что глава Каражал-Жайремского региона в ходе своего выступления обратил внимание на отсутствие аудитории в зале. Основную массу составляли руководители и сотрудники городских отделов, акимата, организаций образования и структур областного подчинения, которым по долгу службы необходимо присутствовать на отчетных встречах. А тех, кто пришел рассказать о своих насущных проблемах, была лишь малая толика. Суть справедливого замечания Айхына Клышевича сводилась к тому, что так называемые «диванные критики» горазды возмущаться лишь в общественных чатах. Когда же у них появилась возможность на открытой диалоговой площадке составить конструктивный диалог, попросту предпочли отмолчаться.

К слову сказать, днем ранее отчетная встреча состоялась в Жайреме. И в зале поселкового культурно-досугового центра народу собралось предостаточно. Эти два мероприятия, равные по своей значимости, наглядно продемонстрировали, где жители действительно радуют о нуждах своего населенного пункта.

Но вернемся в зал. Председатель городского маслихата Замзагуль Оспанова, напомнила, что отчетная встреча проводится в соответствии с Поручением Президента РК.

Первым делом глава региона озвучил итоги социально-экономического развития.

- Наша основная цель — повышение благосостояния населения, развитие инфраструктуры, создание рабочих мест и улучшение качества жизни.

В этом направлении проводилась эффективная реализация государственных программ, работа по привлечению инвестиций и развитию бизнеса.

Следующая задача — сохранить достигнутые результаты и обеспечить дальнейшее устойчивое развитие города, - сказал он, отметив, что по итогам нынешнего года социально-экономическое развитие Каражала демонстрирует стабильный рост основных экономических показателей.

С учетом специфики нашего региона особое внимание уделяется промышленности. По информации градоначальника, общий объем продукции, выпущенной местными предприятиями, выше показателя прошлого года. Рост составил 104,2 процента, или 132,7 миллиарда тенге в денежном эквиваленте против прошлогодних 127,4 млрд тенге.

Ожидается, что по итогам года объем промышленной продукции достигнет 203,6 млрд тенге, или 106,7 процентов к уровню 2024 года. План на 2026 год — 203,9 млрд тенге (100,1% к уровню 2025 года).

Высокую эффективность демонстрирует и такой важный показатель, как объем инвестиций в основной капитал. За девять месяцев он составил 28,9 млрд тенге с ростом на 101,6 процен-



тов к уровню 2024 года. К концу декабря эта цифра планируется в пределах 42,4 млрд тенге, столько же — в 2026 году.

- В соответствии с Посланием Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана и поручением акима области, в 2026 году в городе Каражал будут реализованы пять новых инвестиционных проектов. Это - обогатительная фабрика по переработке баритовой руды в поселке Жайрем, горно-обогатительный комплекс по добыче и переработке железной и марганцевой руды, разработка железной и марганцевой руды на месторождении «Алтын шоқы», сортировочный комплекс баритовой руды и строительство баритовой фабрики и базы хранения ГСМ, - сообщил Айхын Елеусизов.

Одна из основных составляющих экономики региона — малый и средний бизнес. Как прозвучало в отчете, на сегодняшний день в Каражале действуют 1 284 субъекта малого и среднего предпринимательства (рост к соответствующему периоду 2024 года — 102,6 процента). В сфере предпринимательства, сказал аким города, наблюдается устойчивая динамика роста в результате использования инструментов государственной поддержки.

Так, только в этом году в городе начали работу более 10 объектов бизнеса. Результат вполне ощутимый — благодаря новым инициативам в экономику было инвестировано более 130 млн тенге, что, в свою очередь, положительно отразилось на расширении сферы услуг и торговли. И, конечно же, не стоит забывать о качестве предоставляемых услуг — здоровая конкуренция положительно сказывается на конечном потребителе.

А в обозримом будущем ожидается открытие еще одного объекта. Речь идет о торговом центре, который будет располагаться в стенах бывшего кино-театра «Молодежный», который сейчас «переживает» реконструкцию.

Строительство. Эта сфера всегда наглядно демонстрирует уровень развития населенного пункта, так как играет стратегическую роль в создании современной инфраструктуры и повышении качества жизни.

За девять месяцев в эксплуатацию было введено более 8,6 тысяч квадратных метров жилья (184,2 процента к 2024 году). В

жизни жителей города: введены в эксплуатацию пожарное депо и современный плавательный бассейн.

Еще одно пожарное депо планируется в поселке Жайрем. Реализация проектов проходит своевременно благодаря финансовой поддержке области.

Не снимается с повестки дня вопрос качественного водоснабжения. В своем выступлении Айхын Елеусизов отметил, что город полностью обеспечен питьевой водой.

- Как вам известно, в городе более 20 лет остро стоит вопрос снабжения поливочной (техни-



следующем году эта работа будет продолжена. План составляет объемы на сумму 30,8 млрд тенге, или 100 процентов от уровня 2025 года. В следующем году намечен ввод в эксплуатацию 12 600 квадратных метров жилья.

О дорогах говорят: артерии жизни. Они выполняют важную функцию обеспечения жизнедеятельности: по автодорогам доставляются продукты, стройматериалы, товары народного потребления, топливо, передвигаются машины «скорой помощи», пожарная и полицейская техника. Иными словами, от качества дорог напрямую зависит качество жизни страны, региона, города, человека.

По информации акима Каражала, на сегодняшний день доля автомобильных дорог города в хорошем состоянии составляет 91 процент:

- В этом году проведен средний ремонт 13 километров дороги по направлению «Каражал — Клыч». Всего отремонтировано 15,3 километров дорог. По просьбам жителей временно открыт участок дороги Каражал-Атасу (0—28 километр). Это один из наиболее актуальных вопросов. Как вы сами знаете, строительство этой дороги началось 5-6 лет назад. На следующий год планируется завершить проект. За счет республиканского бюджета полностью завершено строительство моста. На эти цели было выделено более 798 миллионов тенге.

...Как говорится, не хлебом единым жив человек. Это отметил и глава региона:

- В этом году мы сделали важный шаг к повышению безопасности и улучшению качества

проблем в городе является обеспечение бесперебойного электроснабжения. Ни для кого не секрет, что существующие сети изношены в высшей степени, что не может не сказываться на качестве предоставляемой услуги.

- Сейчас идут судебные процедуры по возврату электросетей в коммунальную собственность, - сообщил аким.

А пока суд да дело, при поддержке предприятий города было приобретено электрическое оборудование для обеспечения бесперебойного энергоснабжения. Кроме того, в следующем году стартует масштабный проект по строительству электрических сетей для микрорайона Ақтай. Цена вопроса - 266 млн тенге. Проектно-сметная документация уже готова.

Каражал включен в республиканскую программу газификации населенных пунктов. Реализация проекта стоимостью порядка 18 млрд тенге началась в апреле этого года. На сегодняшний день построено 22,8 километра газовых сетей в Жайреме (ГРЭ и Дача) и 6 километров магистрального газопровода «Жайрем — Каражал». В 2025—2027 годах планируется построить 226, 2 километра газопровода.

В своем выступлении Айхын Елеусизов также подробно остановился на вопросах благоустройства, развития социальной сферы (здравоохранение, образование, трудоустройство, культура и спорт). Также он перечислил проекты, связанные с перспективой развития города. В их числе — строительство инженерно-коммунальной инфраструктуры для индивидуального жилищного строительства в Каражале и Жайреме, многофункционального центра, крытого хоккейного корта, школы в микрорайоне Станционный, капитальный ремонт детского сада «Балбөбек», монтаж вышки сотовой связи в микрорайоне Ақтай.

Завершая свое выступление, глава региона сказал:

- Уважаемые земляки!

2025 год стал успешным для города Каражал. В 2026 году мы продолжим реализацию стратегии развития, сделав упор на повышение качества жизни населения.



Ауыл гүлденсе – еліміздің еңсесі биік

(Соңы. Басы 1-бетте).

Форумда ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалин, Мәжіліс депутаты, Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай, Қазақстан фермерлері қауымдастығының төрағасы Жигули Дайрабаев, облыстық мәслихаттың төрағасы Бауыржан Шыңғысов және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Алмат Саухимов сөз сөйлеп, саланың өзекті мәселелеріне тоқталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес біз ауыл шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарын жасауға кірістік. Оны жылдың соңына дейін аяқтаймыз деп отырмыз. Бірін-



портқа тәуелділікті азайтудағы алғашқы қадам.

Форум аясында сала мамандары мал шаруашылығын дамыту, цифрландыру, суару жүйелерін жетілдіру, қолдан ұрықтандырудың жаңа бағдарламалары жөнінде тәжірибе алмасты. Бұл ұсыныстардың барлығы өңірдің агроөнеркәсіп кешенін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Марат Сатанов үшін форумның ең басты нәтижесі – өзара байланыс пен ортақ идеяның қалыптасуы.

– Төлеген Жамановтың «фермерлердің білгенінен білмейтіні көп» деген сөзі өте орынды. Аудан-ауданда семинарлар ұйымдастырылса, ақпараттық қолдау күшейсе – шаруалар үшін үлкен көмек. Ең бастысы, сең қозғалды. Бұл форум ауыл шаруашылығының қазіргі тынысын көрсетіп қана қоймай, болашақ бағытын да айқындап берді, – деп қорытындылады бөлім басшысы.



біз үшін өте құнды болды, – дейді Марат Рахымжанұлы.

Марат Сатановтың айтуынша, Қаражал қаласында да ауыл шаруашылығы біртіндеп дамып келеді. Ағымдағы жылдың 10 айында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 4,9 млрд теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда өсім байқалған. Қала бойынша ірі қара – 8644 бас, қой-ешкі – 8540 бас, жылқы – 9395 бас, шошқа – 71 бас. Шаруашылықтар техника паркін жаңартуға ниетті. Биылдың өзінде 2 трактор, шөп престейтін аппарат, малды емдеуге арналған фиксатор құрылғысы сатып алынып, мемлекет тарапынан 30 пайыз субсидия төленген.

Қаражалда құс шаруашылығы да қолға алына бастады. «Даниял» жеке кәсіпкерлігі 2000 бас тауық әкеліп, қала дүкендерін жергілікті жұмыртқамен қамтып отыр. Бұл – им-

P.S. Айтпақшы, форум аясында бір топ еңбек озаттарына Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Алғыс хаты, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс төрағасының Құрмет грамотасы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, Ұлытау облысының Құрмет грамотасы және Ұлытау облысы әкімінің, «AMANAT» партиясының Алғыс хаты берілді. Олардың қатарында қазыналы Қаражал-Жәйрем өңірінің де шаруа қожалық иелері мен жекелеген кәсіпкерлер болды. Біз олар жайлы газетіміздің келесі санында кеңінен жазатын боламыз.

ші рет асыл тұқымды мал сатып алу үшін 5 пайыздық жеңілдетілген несие беруді бастадық. Сондай-ақ, жеті жылға 6 пайызбен 2 жылдық каникулы бар жеңілдетілген несие берілейін деп жатыр және «Даму» институты 80 пайызға дейін жабу деңгейі бар кепілдік береді. Бұдан басқа, ісін жаңа бастап жатқан фермерлерге жер учаскесін рәсімдеуді жеңілдетеміз, – деді өз сөзінде Аманғали Бердалин.

Жиында фермерлердің түйткілді сұрақтары, мемлекеттік қолдау тетіктерінің жетілдірілуі, ауыл шаруашылығы техникасын жаңғырту, өндірістік процестерге цифрлық технологияларды енгізу секілді маңызды бағыттар талқыланды.

Форум жұмысы аграрлық сектордың даму мүмкіндіктерін айқындап, фермерлер арасында тәжірибе алмасуға жол ашты. Ауыл шаруашылығындағы жаңа үрдістер, мал және өсімдік шаруашылығындағы озық практикалар талқыланып, салаға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары нақтыланды. Жалпы,

Ұлытау өңірінде өткізілген бұл форум ауыл шаруашылығының болашағы үшін маңызды бастамалардың бірі болды. Себебі, ауыл дамыса – ел дамиды, ауыл өркендесе – экономика еңселенеді.

Ауыл – елдің тірегі

Ұлытау облысында өткен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумы өңірдің аграрлық әлеуетін жан-жақты саралап, келешекке бағытталған тың бастамаларға жол ашқан игі жиын болды. Форумға қатысқан Қаражал қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Марат Сатанов та бұл шараның маңыздылығын ерекше атап өтті.

Оның айтуынша, форум ауылшаруашылық саласына тың серпін беріп, өңірдің мүмкіндіктерін кеңінен танытуға ықпал етті.

– Ауыл шаруашылығы – елдің бүгінгі тіршілігі мен ертеңгі дамуының негізі. Форумның мақсаты да барды бағалап,

үздіктерді дәріптеу ғана емес, саланы алға сүйрейтін жаңа жолдарды бірге талқылау. Мамандардың, ғалымдардың және тәжірибелі фермерлердің пікірі



Білім ошақтарында

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі қарқынды жаңғыру үстінде. Ел болашағының кепілі – сапалы білім мен білікті ұстаз. Осы бағытта еліміз бойынша жаңа үлгідегі Тірек мектептері (ресурстық орталықтар) ашылып, ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасы алшақтығын азайтуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда.

Мөлдір ХАМИТҚЫЗЫ

Осы бастаманың аясында Қаражал қаласындағы № 1 жалпы білім беретін мектеп 2024-2025 оқу жылынан бастап Тірек мектебі (ресурстық орталық) мәртебесіне ие болды. Бұл мәртебе – мектеп ұжымының көпжылдық еңбегінің, сапалы білім берудегі жоғары көрсеткіштің және жаңашылдыққа ұмтылыстың нәтижесі.

Тірек мектебінің негізгі мақсаты – ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім сапасын теңестіру, барлық балаға тең мүмкіндік беру.

Тірек мектебі өз тәжірибесімен бөлісіп, жақын маңдағы № 5, № 6 және № 11 жалпы білім беретін мектептермен бірлесе жұмыс атқарады. Бұл мектептер тірек орталығының серіктес мектептері болып табылады.

Оқу жылы бойында білікті мамандар Zoom платформасы арқылы бірнеше онлайн ашық сабақтар өткізіп, тәжірибе алмасу жұмысын жүйелі түрде жүзеге асыруда. Мұндай әдіс педагогтар арасында өзара қолдау мен кәсіби

№ 1 Тірек мектебі – сапалы білім мен жаңашылдықтың орталығы



байланыс орнатуға, оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

2024 жылы мектепке 250 миллион теңге көлемінде қаржы бөлініп, ауқымды базалық жабдықтау жұмыстары жүргізілді. Осы қаражат есебінен мектептің оқу кабинеттері толық жаңартылып, жаңа заман талаптарына сай келетін инновациялық оқу ортасы қалыптасты.

Бүгінде № 1 Тірек мектебінде келесі жоғары технологиялық кабинеттер жұмыс істейді. Айта кетсек, STEM-зертхана – ғылыми жобалар мен тәжірибелік сабақтарға арналған. Информатика кабинеті – заманауи компьютерлер және робот техникасымен жабдықталған. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті – интерактивті тақталар мен мультимедиялық құралдар

орнатылған. Тарих кабинеті – цифрлы карталар мен дерекқорлар базасына қосылған. Биология және география кабинеттері – визуалды зертханалық жабдықтармен толықтырылған. Технология және робототехника кабинеттері – оқушылардың шығармашылық және инженерлік дағдыларын дамытуға бағытталған. Осындай жаңа үлгідегі кабинеттер мен инновациялық құралдар мектептің оқу-тәрбие процесін жаңа деңгейге көтерді.

№ 1 Тірек мектебінде білім беру процесіне заманауи инновациялық технологиялар кеңінен енгізілуде. Мұғалімдер STEM-білім беру, жобалық оқыту, цифрлық сабақтар, интерактивті платформаларды пайдалану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруда.

Мектепте түрлі бағыттағы үй-

ірмелер мен зерттеу клубтары жұмыс істейді. Оқушылар робототехника, 3D модельдеу, эксперименттік жобалар және шығармашылық стартаптар арқылы өз идеяларын жүзеге асыруда. Бұл бағыт – жас ұрпақты тек білім алушы емес, шығармашыл зерттеуші тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етуде.

Мектеп директоры – Жұмакүл Ахметова, тәжірибелі педагог, жаңашыл басшы. Оның жетекшілігімен мектеп ұжымы кәсіби деңгейде дамып, жаңалыққа ұмтылған ұстаздар қауымына айналды.

Жұмакүл Жандәулетқызы білім беру саласында ұзақ жылдар қызмет етіп келеді, әріптестерінің құрметіне бөленген. Ол «әр бала – болашақтың кілті» қағидасын ұстанып, ұжым алдында сапалы білім

мен тең мүмкіндікті басты бағыт етіп қойды.

Тірек мектебі ретінде № 1 мектеп серіктес мектептермен үздіксіз байланыс орнатып, тәжірибесін кеңінен таратуды басты назарда ұстайды. Zoom платформасында өткізілетін онлайн ашық сабақтар, әдістемелік вебинарлар, цифрлы тренингтер және бірлескен ғылыми жобалар – кәсіби серіктестіктің нақты нәтижесі. Мұндай формат ауыл мектептерінің мұғалімдері үшін де тиімді: олар жаңа әдіс-тәсілдермен танысып, өз тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік алады.

Тірек мектебінің оқушылары мен мұғалімдері түрлі деңгейдегі олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар және шығармашылық байқауларда жүлделі орындар иеленіп келеді. Жыл сайын түлектердің жоғары оқу орындарына түсу көрсеткіші өсіп, мектептің білім сапасы тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталуда.

Қаражал қаласындағы № 1 Тірек мектебі (ресурстық орталығы) – заманауи білім беру талаптарына толық жауап беретін, оқушы мен ұстаз еңбегін тоғыстырған инновациялық орта.

Мектеп ұжымы «Сапалы білім – болашаққа салынған сенімді көпір» деген ұстанымды басшылыққа ала отырып, ел ертеңі үшін аянбай еңбек етуде. Тірек мектебі – тек оқу орны емес, интеллектуалды дамудың, жаңашылдық пен бірліктің символы.

ЧС предупреждает

Зимой, когда температура окружающего воздуха опускается ниже нуля, на поверхности водоемов образуется лед. Не набравший прочность и толщину, он представляет большую опасность и может стать причиной травм или даже гибели. Основная причина – элементарное несоблюдение мер предосторожности.

Осторожно! Тонкий лед!

Тонкий лед обманчив - он выглядит как прочная поверхность, способная выдержать человеческий вес. Однако его недостаточная прочность делает его крайне опасным для прогулок или занятий спортом. Толщина льда может варьироваться в зависимости от множества факторов, таких как температура воздуха, скорость течения воды и наличие подводных источников тепла. Поэтому важно помнить, что даже на первый взгляд крепкий лед может оказаться ловушкой.

Одной из основных причин провала под тонкий лед является недостаточное знание процессов образования и укрепления льда. Люди иногда не учитывают все факторы, влияющие на его прочность, и рискуют своей жизнью, совершая необдуманные действия на ледяной поверхности.

Чтобы избежать опасности, следует соблюдать ряд простых правил и мер предосторожности. Во-первых, перед тем как выйти на замерзший водоем, необходимо убедиться в его на-

дежности. Важно запомнить, что лед гораздо менее прочен возле берега и мостов, а также вблизи речных или озерных течений. Во избежание провала не стоит приближаться к таким местам. Во-вторых, если вам все-таки приходится переходить через озеро или речку, двигайтесь медленно и равномерно распределяйте вес тела. А услышав треск и ощутив прогиб ледяной поверхности, немедленно остановитесь и вернитесь назад по тому же пути, который вы пришли.

Тонкий лед представляет серьезную опасность для всех, кто любит зимние развлечения на водоемах. Помните, что безопасность должна быть на первом месте, и следуйте рекомендациям экспертов при выходе на водоем.

Берегите себя и берегите своих близких!

Ануар ЕРГАЗИЕВ,
старший дознаватель ОЧС
г. Каражал.

Заң және біз

Мектепте өткен құқықтық кездесу

Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе, жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ.



Заңдарды білу – әр азаматтың, әсіресе бүгінгі жастардың, қоғамдағы тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды міндет. Құқықтық сауаттылық жасөспірімдер мен жастардың өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуіне, сондай-ақ, күнделікті өмірде жауапкершілікпен әрекет етуіне ықпал етеді. Тәртіп пен заңға құрмет – өркениетті қоғамның ғана емес, өскелең жас буынның да дұрыс қалыптасуының негізі.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Осы орайда, Қаражал қалалық соты төрағасының міндетін атқарушы Сауле Дюсембина № 7 жалпы білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, олардың құқықтық сауат-

тылығын арттыруға бағытталған мазмұнды әңгіме жүргізді.

Кездесу барысында ол заңды білудің маңызын атап өтіп, оқушыларға адам құқықтары, жасөспірімдердің әкімшілік және

қылмыстық жауапкершілігі, интернет қауіпсіздігі мен кибербулинг туралы түсінікті тілмен айтып берді. Нақты мысалдар арқылы құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары да түсіндірілді. Іс-шарада құқықтық тақырыптағы қысқа бейнероликтер көрсетіліп, олардың арқасында оқушылар заң талаптарының күнделікті өмірмен қалай байланысты екенін жақсы ұғынды. Көрсетілімнен кейін оқушылар белсенді түрде сұрақ қойып, талқылауға қатысты.

Еркін сұхбат форматында өткен кездесуде көмелетке толмағандардың құқықтары, тұрмыстық қатынастардағы заң нормалары, мектеп пен қоғамдық орындардағы тәртіп мәселелері сөз болды. Сауле Жанұзаққызы әр сұраққа жеңіл әрі түсінікті жауап беріп, қажет жерінде құқықтық кеңес ұсынды.

Осындай шаралар оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, заңға деген құрметін арттыруға көмектеседі. № 7 мектеп оқушылары кездесуден мол әсер алып, алған ақпараттың өмірлеріне пайдалы екенін атап өтті.

Қаражал қалалық сотының бастамасымен өткен бұл кездесу – жас буынның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған игі қадам. Осындай шаралар жүйелі түрде өткізіліп тұрса, заңды білетін, жауапкершілігі жоғары азаматтардың қалыптасуына үлкен үлес қосары анық.

Жасанды интеллект: Дипфейк дәуірінің жаңа қауіптері



Жасанды интеллект технологиялары адамзат тіршілігінің барлық саласына ден-деп енген сайын оның мүмкіндіктері ғана емес, келтіретін қауіптері де айқындала түсуде. Соңғы жылдары әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған негізгі қатердің бірі – дипфейк. Бір қарағанда ойын-сауық мақсатында пайда болған бұл құбылыс бүгінде ақпараттық кеңістікті жаппай улаған, қоғамның сенім жүйесін шайқалтып тұрған құбылысқа айналды.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Дипфейк деген не және ол неге қауіпті?

Дипфейк – жасанды интеллекттің көмегімен жасалған жалған бейне, аудио немесе фото. Технология адамның дауысын көшіріп, бет-әлпетін дәл салып, сөйлеу мәнерін айнытпай жеткізе алады. Бірнеше жыл бұрын мұндай өнімдер дәрежі монтаждан алысқа бара алмайтын. Ал қазір шынайы адамнан ажырату қиын бейнелерді небәрі смартфон қосымшаларының өзінде жасап шығуға болады.

Target Information Security компаниясының директоры, ақпараттық қауіпсіздік аудитору Лаура Тлепина inbusiness.kz-ке берген сұхбатында қазіргі жағдайды келесідей сипаттайды: дипфейктерді тану күннен-күнге күрделеніп барады, себебі, жаңа генерациялау алгоритмдері бақылаушы құралдардан озып кетуде.

Сарапшының айтуынша, бұрын жасанды роликтердегі бет шекараларындағы бұзылыстар, ерін қимылының сәйкес келмеуі, жарықтың дұрыс түспеуі сияқты белгілер байқалатын. Ал жаңа үлгілерде мұндай ақаулар жоқтың қасы. Мұндай контентті айқындау үшін кәсіби детекторлар немесе сарапшылар талдауы талап етіледі.

Ақпараттық сенімге бағытталған соққы

Дипфейктің негізгі қауіптілігі – оның шындыққа ұқсайтын жалған ақпарат тарата алуы. Егер желіде белгілі тұлғаның жалған мәлімдемесі тараса, ол қоғамды шатастырып қана қоймайды, саяси процестерге де ықпал етуі мүмкін.

Лаура Тлепинаның айтуынша, мәселе тек жалған роликтің тарауында емес. Бұл құбылыс шынайы ақпараттың да беделіне сызат түсіреді. Кез келген видеоға

«бұл дипфейк» деп күмәнмен қарау дәстүрге айналуы мүмкін. Бұл – қоғам үшін аса қауіпті үрдіс.

Демек, дипфейк тек жалғандықты көбейтпейді, ол шынайылық ұғымының өзін жоққа шығаруы мүмкін.

Арандатушылар, алаяқтар және жаңа қылмыстар

Технология кең қолжетімді болған сайын оның қолданушылары да көбейіп жатыр. Бүгінде интернетте дипфейк жасауға арналған ондаған тегін немесе арзан сервис бар. Бұл – алаяқтар үшін таптырмас құрал. 2025 жылы Қазақстанда бірқатар танымал тұлғалардың жасанды видеолары тарағаны белгілі. Көпшілігі мұны шын деп қабылдап, жалған ақпарат бір күн ішінде елге кең тарап үлгерген. Сарапшылар мұндай контенттің артында нақты адамдар мен ұйымдасқан топтар тұруы мүмкін екенін айтады. Сондықтан, дипфейк жасау мен таратуды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесі күн тәртібінде тұр.

Қазір Қазақстанда дипфейк толыққанды кең таралды деп айту қиын. Көбінесе қоғамды шатастыратын жалған ақпараттар фото-монтаж, фейк сайт немесе жалған аккаунттар арқылы жасалады. Ал күрделі AI-генерацияланған бейнелер әлі сирек.

Дегенмен, әлемдік трендтерді ескере отырып, еліміз бұл мәселеге алдын ала назар аудара бастады. Әсіресе, ақпараттық сауаттылық пен цифрлық қауіпсіздік мәдениетін арттыру маңызды. Сарапшылар мектеп оқушыларынан бастап мемлекеттік қызметкерлерге дейін арнайы бағдарламалар енгізуді ұсынады.

Заңдық шаралар:

Қазақстан дипфейкке қарсы қандай қадам жасады?

17 қарашада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойды. Бұл құжатта жасанды интеллекттің құқықтық базасы алғаш рет жүйеленді және қауіпті категориядағы ЖИ түрлерін пайдалануға бірқатар шектеулер енгізілді.

Ақорда таратқан мәліметке сәйкес, Қазақстан аумағында: тұлғаның тұлсаналығын бұзатын, манипуляция жасайтын, жеке деректерді заңсыз жинайтын және өңдейтін жасанды интеллект жүйелерін қолдануға тыйым салынады.

Осыған дейін Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев дипфейк жасаушыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажеттігін ашық айтқан еді. «Жалған контенттің артында нақты адамдар тұр. Егер қоғамда тәртіп орнасын десек, мұндай әрекетке қатаң жауапкершілік қажет», – деген болатын ол.

Қайда бара жатырмыз?

Жасанды интеллект – адамзат дамуының жаңа кезеңін ашқан құбылыс. Бірақ, оның көлеңкелі тұстары еленбесе, қоғамның тұрақтылығы үшін күрделі қауіпке айналуы мүмкін. Дипфейк – соның ең өткір мысалы. Келешекте ақпаратқа сенім төмендеу, саясаттағы манипуляциялар, тұлғалардың беделіне шабуыл, экономикалық алаяқтық, ұлттық қауіпсіздікке қатер сияқты мәселелер ушығуы мүмкін. Сондықтан, Қазақстан үшін де, әлем үшін де басты міндет – технологияны тоқтату емес, оның қауіптерін тану, бақылау және реттеу. Қоғамдық иммунитет қалыптастыру – ақпараттық сауаттылықтан, құқықтық база мен технологиялық қорғаныс құралдарынан басталады.

inbusiness.kz деректері негізінде дайындалды.

Еске алу

Қаражал қаласының тұрғыны, ардақты ана, мейірімді әже, ұлағатты ұстаз болған Раушан Мақайқызы ИКЛАСОВАНЫҢ өмірден озғанына 1 жыл толып отыр. Анамыз саналы ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған білікті ұстаз еді. Өз ісіне адал, ұрпақ тәрбиесіне жантәнімен берілген, шәкіртінің жетістігін өз қуанышындай көретін жан болатын. Өмір жолы мен адамдық болмысы арқылы қоғамымыздың және қаламыздың құрметіне бөленген ардақты азаматша атанды. Артында адалдық, еңбек және білімге деген сүйіспеншіліктің жарқын ізі қалды.



Өтті, кетті зымырап талай күндер,
Сіз ғана жоқсыз біздің арамызда.
Жүрек сыздап, еңсе түсіп егілеміз,
Ойсыраған орныға қараймыз да.

Кетсе де көзден ғайып-
Көңілден кеткен емес,
Асыл бейнең ешқашан болмас елес.
«Жәннатта жаны болсын» деп сұраймыз,
Алладан дұға қылып ертелі-кеш.

Еске алушылар: **балалары.**

Марқұм анамыздың жылдығына арналған ас 2025 жылдың 13 желтоқсаны күні сағат 13.00-де Қаражал қаласының «Нұр» мешітінде берілетінін хабарлаймыз. Асқа туған-туыс, құда-жежжат, көрші-қолан, шәкірттерін, сыйлас, дәмдес болған барлық жамағатты шақырамыз.

к/о №7

Қазыналы өңір

Өздеріңіздің сүйікті
«ҚАЗЫНАЛЫ Өңір»
газетіне 2026 жылға жазылу
науқаны жалғасуда.

Басылым аймақта болып жатқан
ең елеулі оқиғалар туралы шұғыл әрі
дәйекті түрде ақпарат беріп,
сондай-ақ, қоғамдық-саяси,
әлеуметтік-экономикалық
тақырыпты қозғайды

- ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 1800 теңге. 12 айға – 3600 теңге.
- ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 4500 теңге. 12 айға – 9000 теңге.
- ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ ҮШІН
30% жеңілдік қарастырылған.

Байланыс нөміріміз: 2-61-02

Қаражалдағы бірлік пен татулық мерекесі

2025 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің 30 жылдық мерейтойын ерекше мәнімен атап өтуде. Бұл институт – тәуелсіз Қазақстанның ең маңызды қоғамдық тірегінің бірі. Ассамблея еліміздегі этносаралық келісімді нығайтуға, ұлтаралық татулықты сақтау арқылы қоғамда бірлік пен өзара құрметтің мызғымастай негізін қалуға бағытталған. 30 жыл ішінде Ассамблея әр аймақта бейбітшілік пен келісімнің тірегіне айналып, әрбір қазақстандық үшін татулық пен ынтымақтастықтың жарқын нышаны болды.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ



көңіл-күйді шынайы әсерге бөлеп жіберді.

Қаражалдағы этносаралық қатынастардың тұрақтылығы – бұл қала тұрғындарының өзара сыйластығы мен ортақ мақсатқа берілген адалдығының нақты көрінісі. Мұнда әр ұлт өкілі өз мәдениеті мен дәстүрін сақтап, біртұтас қоғамның ажырамас бөлігі ретінде өмір сүруде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы – бұл тек тарихи оқиға ғана емес, әрбір қазақстандық үшін бейбітшілік пен келісімнің, бірлік пен татулықтың шынайы символына айналды.

Бүгінгі дөңгелек үстелде айтылған ойлар мен ұсыныстар Қаражалдағы және еліміздегі этносаралық қатынастардың дамуына үлкен серпін береді деп сенеміз. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, елімізде бейбітшілік пен келісімнің мәңгі орнауын тілейміз. Бірлік, татулық, келісім – осындай құндылықтар әрқашан Қазақстанның басты тірегі болып қала бермек.

Қаражал қаласы да бұл мерекені ерекше көңілмен қарсы алды. Қала халқының 80,6%-ын қазақтар құрайды, ал қалған 19,4%-ын орыстар, украиндар, татарлар, немістер, белорустар, корейлер және басқа да ұлт өкілдері құрайды. Осы көпұлтты қаланың тұрғындары арасындағы татулық пен өзара сыйластық – Қазақстан халқы Ассамблеясының басты миссиясының айқын көрінісі. Бұл – әр ұлттың өз мәдениеті мен дәстүрін сақтай отырып, ортақ бірлікке адал өмір сүруінің дәлелі.

Биыл Қаражал қаласында Ассамблеяның 30 жылдығына

арналған 30-ға жуық мерекелік іс-шара өтті. Әр шара – этносаралық татулық пен бірлікті нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды, әрбірі жүректен шыққан құттықтау сәтіне айналды.

Қаладағы мәдени-сауық орталығы мерекелік жаңа бейнеге енді. Кіре берістен бастап фойе ұлттық құндылықтарды дәріптейтін әсем бұйымдармен безендірілді. Киіз үй тұрғызылып, қазақы дастарқан жайылды. Кірген қонақтарды әжелер әнмен қарсы алып, қолөнер шеберлігін көрсетті. Әр деталь – ұлттық рух пен бірліктің символы болды.

Мәрмәр залында өткен дөңгелек

үстел барысында Ұлытау облысының қоғамдық даму басқармасы жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналды мемлекеттік мекемесінің басшысы, облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Гүлбану Сейтжанова, сондай-ақ, мекеме директорының орынбасары, Этномедияция орталығының координаторы Гүлназ Гатиятова өз ойларын ортаға салды. Олар этносаралық келісімнің, қоғамдағы татулық пен бірліктің сақталуындағы Ассамблеяның рөлін ерекше атап өтті. Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Мешітбай Омаров және этномедиатор Артем Ким өз пікірлерін білдіріп, бірлік пен татулық

идеясын одан әрі қолдады.

Мерейтой барысында Қаражал қаласының Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі, «Алтын оймақ» үйірмесі, «Қаражалочка» тобы және «Балбөбек» бөбекжайының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қымбат Абюрова Ұлытау облысының қоғамдық даму басқармасының Алғыс хатымен және статуеткамен марапатталды. Бұл марапаттар – қоғамдағы татулық пен бірлікке үлес қосқан азаматтарға көрсетілген шынайы құрмет болды. Марапаттау рәсімі Александра Пушкинованың орындауындағы «Қазақ елі» әнімен сәнделіп, мерекелік

Ортақ құндылықтар мен мәдениет

Қаражал қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен оқырмандар аудиториясында ағартушы, қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының өкілі Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойына арналған «Ұлт мақтанышы – Міржақып» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға № 7 жалпы білім беретін мектебінің 9-10 сынып оқушылары қатысып, қайраткердің өмір жолы, шығармашылық қызметі мен тарихи мұрасына қатысты тұщымды пікірлерімен бөлісті. Шара барысында оқушылар әзірлеген мазмұнды презентациялар көпшілік назарына ұсынылып, Міржақып Дулатұлының қазақ руханиятына қосқан үлесі мен ұлттық

Ұлт мақтанышы – Міржақып



сананы қалыптастырудағы ықпалы жан-жақты талданды.

Кездесу барысында қатысушыларға ситуациялық сұрақтар

мен тапсырмалар беріліп, оқушылардың тарихи танымы, сыни ой-

лау қабілеті және өзіндік көзқарас білдіру дағдылары айқын көрінді. Сонымен қатар, ұйымдастырылған интерактивті ойындар мен ашық талқылау барысында оқушылар өз ой-пікірлерін еркін жеткізіп, ұлт қайраткерінің еңбектері мен идеяларының бүгінгі күнмен сабақтастығын орынды байланыстыра білді.

Жиын соңында кітапхана қызметкерлері қатысушыларға Міржақып Дулатұлына қатысты әдебиеттер тізімі мен дереккөздер ұсынды. Дөңгелек үстел жас буынның шығармашылық белсенділігін арттырып қана қоймай, тарихи тұлғалардың өмірінен тағылым алу, ұлттық құндылықтарды құрметтеу мақсатында өткізілген маңызды рухани-танымдық шара ретінде жоғары деңгейде бағаланды.

Алмагүл МҰХАМЕДЖАНОВА,
оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы»
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKZKX АО «Halyk bank»
Код КБе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 46

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.